

Алкоголь өнімін (сырадан басқа) бөлшек сауда жасаудың тәртібін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 20 қыркүйектегі N 1162 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1999 жылғы 20 қазанда тіркелді. Тіркеу N 940. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 25 қыркүйектегі № 439 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2012.09.25 № 439 (қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді) бұйрығымен.

"Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі Заңын Z990429_ орындау үшін бұйырамын:

1. Қоса беріліп отырған Алкоголь өнімімен (сырадан басқа) бөлшек сауда жасаудың тәртібі бекітілсін.
2. Осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

Қ а з а қ с т а н Республикасы
Мемлекеттік кіріс министрлігінің
1999 жылғы 20 қыркүйектегі
N 1162 бұйрығымен бекітілген

Алкоголь өнімінің (сырадан басқа) бөлшек саудасының Ережесі

1. Жалпы Ережелер

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының "Этил спирті және алкоголь өнімінің өндірісі мен айналымын мемлекеттік реттеу туралы" 1999 жылдың 16 шілдесіндегі заңына сәйкес дайындалған және алкоголь өнімдерін бөлшек сатуды тәртіпке келтіруге бағытталған.

2. Алкоголь өнімінің (сырадан басқа) бөлшек саудасын жекеменшік түріне байланыссыз жергілікті атқару органдары белгілеген тәртіппен бөлшек сауда және қоғамдық тамақтандыру ұйымдарына берілетін алкоголь өнімі (сырадан басқа) бөлшек саудасының лицензиясы болғанда ғана жүзеге асыруға болады.

2. Негізгі ұғымдар

3. Алкоголь өнімі (сырадан басқа) бөлшек саудасының осы Ережесінде келесі

ұғымдар

пайдаланылады:

- 1) алкоголь өнімі - этил спиртінің көлемдік үлесі 1,5 пайыздан асатын тамақтық өсімдік шикізатынан өндірілген тамақ өнімі;
- 2) көтерме сату - өкілетті орган бекіткен құжаттарға сәйкес, ары қарай сату үшін қойма жайларынан шектеусіз көлемдерде алкоголь өнімін босату;
- 3) бөлшек сауда - фискальдық жады бар бақылау-кассалық аппаратымен және сауда алаңдарымен жабдықталған стационарлық жайларда, сондай-ақ стационарлық жайлардың жанындағы жазғы алаңдарда алкоголь өнімін (сырадан басқа) тұтыну және коммерциялық емес пайдалану үшін сату;
- 4) сақтау - алкоголь өнімдерін қойма жайларында орналастыру (жинақтау);
- 5) стационарлық үй-жайлар - су, энергия және канализация жабдықтарымен жабдықталған, іргетасы бар және оларды ұстап тұрған конструкцияларына залал келтірусіз орнынан қозғау мүмкін емес күрделі ғимарат, құрылыс немесе олардың бөлігі;

3. Алкоголь өнімдерін сату

4. Алкоголь өнімін бөлшектеп сату белгіленген тәртіппен берілген лицензиясы болған жағдайда ғана жүзеге асырылады.

5. Алкоголь өнімін сату лицензияда белгіленген орында ғана жүзеге асырылады.

6. Сатып алушыға лицензия нөмірі, лицензияны берген орган туралы (сауда алаңында ілу жолымен немесе басқа тәсілмен), сондай-ақ меншік иесі немесе ұйым басшысы белгілеген кәсіпорынның жұмыс істеу тәртібі туралы ақпарат берілуі керек.

7. Меншік түріне байланыссыз бөлшек сауда және қоғамдық тамақтандыру ұйымдары тиісті сапасы жоқ алкоголь өнімін сатқаны үшін белгіленген тәртіппен жауап береді.

8. Сатуға сапасы жағынан МЕМСТар міндетті талаптарына және санитарлық ережелері мен нормаларына сәйкес келетін алкоголь өнімдері жатады. Бұл өнімді, сондай-ақ импорттық өнімді сатушыда алдыңғы меншік иесінің қолы және мөрімен расталған, сондай-ақ есепке алу мен тіркеу нөмірі, қолданылу мерзімі және сертификат берген орган аты көрсетілген әрбір өнім атауы бойынша сертификат сәйкестігі барлығы туралы мәліметі бар көлік жүкқұжаты болуы керек. Аталған ақпарат сатып алушы мен бақылаушы органдарға бірінші талап бойынша берілуі керек.

9. Алкоголь өнімдерінің бөлшек сауда ұйымдары міндетті:

- 1) фискальды жады бар бақылау-касса аппараттарын қолдана отырып, алкоголь өнімдерін сатуды жүзеге асыру;

2) тұтынушылар өмірі мен денсаулығының қауіпсіздік талаптарын қамтамасыз ету мақсатымен алкоголь өнімдерін бөлшектеп сатумен айналысатын кәсіпорындардың әрекетін регламенттейтін нормативтік құқықтық актілерді және техникалық құжаттарды басшылыққа алу (алкоголь өнімдерін қаптау, қабылдау және сақтау талаптарын белгілейтін МемСТ-тар, санитарлық нормалар мен ережелер, өрт қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау нормалары мен ережелері және т.б.);

3) алкоголь өнімінің өндірісі мен айналымына бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган белгілеген алғашқы бухгалтерлік есепті жүргізу және форма бойынша көлік жүкқұжатын ресімдеу;

4) алкоголь өнімін сақтау кезінде сапасының жоғалуына жол бермейтін өнімнің тиісті түріне нормативтік құжаттар талаптары белгілеген сақтаудың тиісті шарттарын сақтау;

10. Алкоголь өнімін бөлшектеп сатуда тыйым салынады:

1) пайдаланылу мерзімі өтіп кеткен, сондай-ақ пайдаланылу мерзімі көрсетілмеген алкоголь өнімі;

2) шөлмектердің этикеткасы жоқ, кір (іші немесе сырты), анық шытынау белгісі бар (басы жырымдалған, шытынаған), тығыны зақымдалған шөлмектер және жалпы бұлдырланған, бөгде қоспалары бар, тұнбасы бар (коллекциялық шараптан басқа) болса;

3) шығу тегі белгісіз болса;

4) акциздік төлем маркілері жоқ болса (сырадан басқа);

5) жасы он сегізге толмаған адамдарға;

6) бала бақшаларда, оқу орындарында, емдеу-сауықтыру мекемелерінде және оған жанасатын радиусы 100 метрден кем емес аумақтарда;

7) базарларда, көтерме сауда орындарында, дүңгіршектерде шатырларда, қолда, тегендерде, автомашиналарда, сондай-ақ басқа да белгіленбеген орындарда (сырадан басқа);

8) қолданыстағы стандарттарға сәйкес мемлекеттік және орыс тілдеріндегі маркілерсіз.

11. Алкоголь өнімдерін сату кезінде сатушы сатылатын тауар үлгісіне өнімнің аты, ыдыс пен қаптау құны кіретін бағасы көрсетілген бағалау қағазын іледі. Шарапты құйып сату кезінде бағалау қағазында аты мен 1 литр және 0,1 литрдің бағасы көрсетіледі (шарап үшін).

12. Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарында алкоголь өнімінің рейсуранттарында ішімдіктің аты, шөлмектің сыйымдылығы шөлмектің бүкіл сыйымдылығының бағасы, сондай-ақ 100 немесе 50 грамның бағасы (сырадан басқа) көрсетілуі керек.

13. Алкоголь өнімін құйып сатуды жүзеге асыратын сатушылардың,

буфетшілердің, бармендердің және басқа адамдардың жұмыс орындары тиісті сауда жабдықтарымен, өлшеуіш мүкәммалдармен, ыдыстармен жаратандырылуы керек.

14. Алкоголь өнімін сату кезінде сатушы сатып алушыға өшірілген касса чегін беруі керек.

15. Алкоголь өнімін бөлшектеп сататын ұйымдар бөлшек саудаға арналған сауда алаңдарында көтерме сатуды жүзеге асыруына құқығы жоқ. 16. Бөлшек сауда ұйымдары алкоголь өнімін тек алкоголь өнімін сақтау және көтерме сату лицензиясы бар ұйымдардан сатып алуға міндетті. Алкоголь өнімін өндірушілердің фирмалық арнайы магазиндері тек өзінің алкоголь өнімін сатуға арналған. 17. Бөлшек сауда ұйымдары алкоголь өнімін сақтау және көтерме сатумен айналысатын ұйымдардан алкоголь өнімін сатып алғанда бірінші басшының қолымен және сатушы ұйымның мөрімен расталған алкоголь өнімін сақтау және көтерме сату лицензиясының көшірмесі талап етуге міндетті. 3. Бақылау және осы Ережені сақтамағаны үшін жауапкершілік 19. Алкоголь өнімінің бөлшек саудасының Ережесін бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының қазіргі заңдарына сәйкес жауапкершілікке тартылады. 20. Қазақстан Республикасының белгіленген заңдарына сәйкес Осы Ережедегі талаптардың сақталуына бақылау жасауды өкілетті органдар, сондай-ақ салық қызметі, ішкі істер органдары, Әкімдер аппараттары жүзеге асырады. Оқығандар: Омарбекова А.Т. Икебаева Ә.Ж.